

## № 4 дәріс

Кеңестік тоталитарлық  
Қазақстанның  
қалыптасуы: сипаты,  
шаралары, сабақтары.

# Дәрістің жоспары

1. Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясатының ерекшеліктері мен салдарлары. Ф.Голощекиннің «Кіші Қазан» саясаты.
2. Қазақстанды индустрияландырудың жолдары мен әдістері, оның отаршылдық сипаты.
3. Қазақстандағы білім, мәдениет және ғылым саласындағы өзгерістер және олардағы қайшылықтар.
4. XX ғ. 30-40 жылдарындағы Қазақстандағы қуғын-сүргін және репрессиялар


## 1923-1924 жж. В.И.Ленин социализм кұрудың жоспарын ұсынды

---

1. Индустрияландыру - елді электрлендіру; Ірі машина өндірісін қалыптастыру; Алдыңғы қатарлы техника жетістіктерін пайдалану; Еңбек өнімділігін арттыру; Елдің техникалық және қорғаныс тәуелсіздігін жасау.
  2. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру – шаруаны ұсақ жеке шаруашылықтан ірі, ортақ меншіктегі ұжымдық шаруашылыққа көшіру.
  3. Мәдени революция – капиталистік ескі сананы социалистік санамен ауыстыратындай жаңа мәдениет пен идеология негіздерін қалыптастыру
- 



- 1927 ж.желтоқсанда БКП (б) XV съезі Ұжымдастыруға бағытты жариялады.



# Жеке меншік шаруаға шабуыл

- ◎ Тауар бағасын көтеру – астық бағасын түсіру, мемлекетке арзан бағамен өткізуге мәжбүрлеу.
- ◎ Кулактардың өнімін өткізбеу, артық өнімін тартып алу;
- ◎ Алынған астықты шетел валютасына сату;
- ◎ Өндіріске қажетті құрал-жабдықтар алу;
- ◎ Өлкелерге астық даярлауға өкілдер жіберу;
- ◎ Сатумен емес, мемлекеттік жоспар орындайтын ұжымдық шаруашылықтар (колхоздар) құру

Мемлекеттің жеке меншік шаруаларға тәуелділігін жою




Кулактарды тап ретінде жою

Қаржыны аграрлық сектордан өнеркәсіпке бағыттау



Селодан шаруаларды қалаға қуып, жұмысшылар санын көбейту

1927-28 жж. астық дағдарысын жою



Астық сатып алудан гөрі мемлекет жоспарын орындайтын ұжымшарлар құру

- 1928 жылы 27 тамызда «Ірі байлар мен жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару» туралы декрет қабылданды.
- Көшпелі аудандарда 400-ден аса;
- Жартылай көшпелі аудандарда 300-ден аса ;
- Отырықшы ауданда 150-ден аса ірі қарасы бар адамдар тәркіленді.
- Егер адам бұрыннан артықшылықтарға ие болып келген топқа жатса, онда оны мүлік жағдайына қарамастан жер аударған.
- Байлардың шаруашылығын тәркілеу және тап ретінде жою жөнінде үкімет жанынан Орталық комиссия құрылды. (Е.Ерназаров).
- 1928-1929 жылдары 1027 байдың шаруашылығы тәркіленді , 145 мың ірі қара тартып алынды және көптеген ауыл шаруашылық еңбек құралдары колхоздарға берілді.
- Жалпы қуғын-сүргінге ұшыраған байлардың саны 1034-ке жетті .
- Жоспар орындау үшін орта шаруалар да жазаланды

- 1928 ж. Колхоз құрылысының басталуы;
- 1929 ж. Сталиннің “Ұлы өзгеріс жылы” мақаласы;
- 1930 ж. Кулактарды тап ретінде жою;
- 1932-33 жж. Ұлы аштық жылдары





# Кооперация түрлері:

1. Коммуна - өндірісті қоғамдастыру.
2. Артель – жердің, малдың бір бөлігін, ауылшаруашылық машиналарын, құрал – саймандарды біріктіру.
3. ТОЗ – жер бірлесіп өңдеу мен шөп шабу жөніндегі серіктестік.
4. Ұжымдастыру 1929 ж. басталып, аяқтау 1933 ж. болып белгіленді.
5. Жүргізу үшін 1200 арнайы өкілдер мен 8 мың жұмысшы жіберілді. (“Жиырма бес мыңдықшылар”);
6. Колхозға кіргісі келмегендерді “кулак” ретінде жою.

# Филипп Исаевич Голощекин



- Шын есімі - Шая Ицкович
- Ұлты – еврей;
- Мамандығы - тіс технигі;
- 1903 жылдан РСДЖП мүшесі
- 1918 ж.17 шілдеде патша отбасын атуға қатысқан;
- Екатеринбург, Самара қалаларындағы революциялық үкіметке мүше болған;
- 1925-1933 жж.Қазақ өлкелі партия Комитетінің бірінші хатшысы;
- 1933-1939 жж.КСРО бас арбитрі;
- 1939ж.тұтқындалды;
- 1941 ж. 27 қазанда атылды.

# Ұжымдастыру көрсеткіштері:

- 1928 жылы Қазақстанда барлық шаруашылықтың 2%;
- 1930 жылғы сәуірдің 3 – інде 56,4 %;
- 1931 жылы қазан айына қарай 69 % шаруашылық ұжымдастырылды.
- 3 жылдық жоспарды 3 күнде орындау;
- Мемлекеттік жоспарлау бойынша астық, мал, киіз, дайындау.
- Малға астық сатып алып, оны жоспарды орындауға тапсыру

# Нәтижелері:

1. 1932 ж. Колхоздардағы малдың - 87 %; жекешенің 51 % малы қырылды;
2. Астық өндіру 9 дан 3 % кеміді;
3. 40,5 млн (1927 ж.) малдан 4,5 млн мал қалды (1933 ж.
4. “Ұлы аштық” басталды:
  - 1930 ж. 313 мың;
  - 1931 ж. 755 мың;
  - 1932 ж. 769 мың адам (барлығы 1,750 млн немесе қазақтың 40 % аштан қырылды;
  - 1,10 млн, адам өзге елдерге көшті



# Халық көтерілістері

1. Созақ көтерілісі.
    - Жетекшісі - Сұлтанбек Шолақов;
    - Қатысқан адам саны 5 мыңдай адам;
  2. Ырғыз көтерілісі (Ақтөбе).
    - Ақжарқын Қанаев
  3. Жетіқара және Батпаққара көтерілістері (Қостанай);
  4. Қарақұм көтерілісі (Қызылорда);
  5. Зырянов көтерілісі (Шығыс Қазақстан);
  6. Адай көтерілісі (Маңғыстау).
- Оларды арнайы ОГПУ отрядтары талқандады.

# “Бесеудің хаты”. Аштық туралы Ф.И. Голощекинге

Авторлары:

- **Ғабит Мүсірепов** – жазушы;
- **Мансұр Ғатаулин** – Қазақ мемлекеттік баспасының меңгерушісі;
- **Емберген Алтынбеков** – Алматы Комвузының қызметкері;
- **Мұқаш Дәулетқалиев** – Алматы Комвузының қызметкері;
- **Қадыр Қуанышев** - Қазақ АКСР мемлекеттік жоспарлау комиссиясының сектор басшысы

# Сталинге хат

- Авторы – Тұрар Рысқұлов;
- Қызметі - РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі Төрағасы И. Сталиннің орынбасары;
- Уақыты: 1933 ж. 11 наурыз;
- Мазмұны: Қазақ өлкесіндегі қалыптасқан ахуал мен аштық туралы





# 1932 ж. “Қазақстан ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы туралы” арнаулы қаулы.

- “Асыра сілтеушілікті” айыптау;
- Ф.Голощекин мен Ізмұқан Құрамысовты орнынан алу;
- Басшылыққа Л.И.Мирзоянды тағайындау;
- Күшпен жасалған «жасанды колхоздар» таратылды.
- Астықты аудандарда коммуналар орнына, артельдер ұйымдастырылды.
- Күштеп қоғамдастырылған мал – мүліктер иелеріне қайтарылды.
- Отырықшы аудандарға Кеңес үкіметі 2 млн. пұт астық және 30 млн. сом ақша бөлді.
- 1935 жылдан ауыл шаруашылық артелінің жаңа үлгісі бекітіліп, жүзеге асырыла бастады.
- Малсыз шаруашылықтарына мал алуына көмек көрсетілді.

# Нәтижелері:

- 2-бесжылдық жылдарында колхоз, совхоздар нығая түсті;
- Республика егістіктерінде техника (трактор, комбайн) көбейді.
- Екінші бесжылдық соңында (1933–1937 жж.) – 200 - ге жуық совхоз құрылды.
- Екінші бесжылдық соңында – отырықшы аудандарға 40 млн. сом қаржы бөлінді.

# Индустрияландыру

## Міндеттері:


1. Өлкенің техникалық – экономикалық жағынан артта қалуын жою.
2. Байырғы халық өкілдерін кеңінен тарту жолымен жұмысшы табы мен өндірістік – техникалық мамандарды қалыптастыру.

## Қиыншылықтар:

1. Қазба байлықтарының толық зерттелмеуі.
2. Байланыс және тасымал құралдарының нашар дамуы. Территорияның 1000 шаршы шақырымына 1 шаршы шақырым темір жолдан келді.
3. Жұмысшы табының сан жағынан өте аз болуы. Халықтың 90 % шаруалар еді.
4. Жергілікті мамандардың жетіспеуі.
5. Әміршілдік – төрешілдік басшылық әдісінің енгізілуі.

# Пікірлер таласы:

1. «Көшпенділіктен социализмге» өтудің мүмкін емес және индустрияландырудың «ұлттық табиғи ерекшелікті» бұзады деп оған түбегейлі қарсы болды;
2. Республиканың Одақ құрамында дәйекті дамуының қажеттігі, бірақ Қазақстанның ерекше мүдделерімен санаспау идеясы. «Шикізат базасы ретіндегі ауыл шаруашылығымен байланысты ұсақ өнеркәсіпті ұлғайту мен оның жұмысын жақсарту (Ф. Голощекин, **Ораз Исаев**, Қ. Сарымолдаев);
3. Шет аймақтар шикізат базасы ғана болып қалмауы керек және индустрияландыруды жүргізгенде республиканың ерекшеліктерін ескеру қажет (**С.Сәдуақасов**, **Ж.Мыңбаев**).



# 1. Қазақ жерлерін зерттеу.

- Академик Н. С. Курнаков Орталық Қазақстанның минерал–шикізат байлықтарын зерттеп, «ҚАҚСР –і Кеңес Одағының тұтас металлогенді провинциясы» деген тұжырым жасады;
- Академик И. М. Губкин Орал – Ембі мұнайлы ауданын;
- Қ.И. Сәтбаев Жезқазған ауданындағы мыс кені орындарын зерттеді

# Негізгі құрылыстары:

## Темір жолдар:

1. Түркістан – Сібір темір жолы (Алматы – Семей);
  - Мақсаты: Орта Азияны Сібір аудандарымен байланыстыру;
  - Басталуы – 1927.
  - Аяқталуы – 1931 (жоспарлануы – 1933)
  - Ұзындығы – 266 (кейін 1145) шақырым;
2. Петропавл – Көкшетау – Ақмола темір жолы;
3. Ақмола – Қарағанды;
4. Илецк – Орал;
5. Рубцовск – Риддер;
6. Қарағанды - Жезқазған



Қалпына келтірілген өндіріс орындары:

- Қарағанды шахталары;
- Риддер полиметалл комбинаты;
- Қарсақбай комбинаты;
- Ембі мұнай кеніштері;

Жаңадан салынғандары:

- Шымкент қорғасын зауыты;
- Балқаш және Жезқазған мыс қорыту комбинаты;
- Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты;
- Қаратау химия комбинаты;
- Ащысай полиметалл комбинаты;
- Қарағанды жылу және су электр стансасы;
- Шымкент химфарм зауыты;
- Ақтөбе химия комбинаты;
- Атырау балық-консерв зауыты;
- Семей ет комбинаты;
- Мерке қант зауыты т.б.

# Ерекшеліктері:

- Өлкедегі индустрияландыру жоғарыдан жүзеге асырылып, шикізат көздері екпінді қарқынмен игерілді. Мұнай Ембіде өндіріліп, өндейтін орталық Орскіде салынды.
- Білікті жұмысшы мамандар, инженер – техник қызметкерлер сырттан, негізінен Россия мен Украинадан әкелінді.
- Жергілікті мамандар жетіспді.
- Урбандалу (урбанизация) процесі күшті жүріп, қалалар мен қала үлгісіндегі қоныстар, қала халқы көбейді. Қала қазақтарының саны 375 мыңға жетті;
- Жұмысшылар саны 350 мыңға жетті;
- Стаханов қозғалысы өрістеді



# Индустрияландырудың тарихи

## маңызы

1. Аграрлық республика индустриялы – аграрлық аймаққа айналды.
2. Республикада қалалар мен қала тұрғындарының үлес салмағы өсті.
3. Ұлттық жұмысшы табы құрылды және инженер – техникалық кадрлар қалыптаса бастады.
4. Қысқа мерзімде орасан зор материалдық қазыналар, өнеркәсіп мүмкіншілігі жасалды.
5. Көп ұлтты ұжымдар пайда болды, адамдардың туысқандығы нығайды.
6. Қазақстанның басқа индустриялық аймақтармен экономикалық байланысы орнықты.
7. Халықтың материалдық әл – ауқаты жақсарды. Сөйтіп, индустрияландыру елді экономикалық артта қалушылықтан шығарды.


# ӨЛКЕДЕГІ САУАТСЫЗДЫҚПЕН КҮРЕС

Жылдары	Маңызды оқиғалар	Сипаты
1921 ж.	“САУЖОЙ” ҚОҒАМЫ МЕН «КАЗГРАМЧЕКА» ҚҰРЫЛДЫ.	«МӘДЕНИ ЖОРЫҚ», «ҚЫЗЫЛ БҰРЫШТАР», “ҚЫЗЫЛ ОТАУЛАР” «ЖҰМЫСШЫ ФАКУЛЬТЕТТЕРІ» ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.
1926 ж.	«БІРЫҢҒАЙ ЕҢБЕК МЕКТЕБІ ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯ» ҚАБЫЛДАНДЫ.	АРНАУЛЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕПТЕРІ АШЫЛДЫ
1931 ж.	- «САУАТСЫЗДЫҚТЫ ЖОЮ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ», - ЖАЛПЫҒА МІНДЕТТІ 7 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ ЕНГІЗІЛДІ.	15-20 жас аралығында баршаға бірдей міндетті білім алу

# Қазақ тілінде жазылған оқулықтардың авторлары:



Қаныш Сәтбаев – қазақ тілінде бірінші алгебрадан мектеп оқулығын жазды.



Ахмет Байтұрсынов - араб әрпінің негізінде жасалған қазақ әліпбиін жетілдірді.



Әлихан Бөкейханов – география оқулығын жазды.



Профессор Санжар Асфендияров - Қазақстан тарихы оқулығын құрастырды.

# САУАТТЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІНІҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ

ЖЫЛДАР	САУАТТЫ АДАМДА Р САНЫ	ОНЫҢ ІШІНДЕ ҚАЗАҚТА Р	ПЕДТЕХН ИКУМДАР	ПЕДИНСТ ИТУТТАР
<b>1928</b>	<b>28 %</b>	<b>10 %</b>	<b>14</b>	<b>1</b>
<b>1938</b>	<b>65 %</b>	<b>40 %</b>	<b>29</b>	<b>8</b>

## Жоғары оқу орындары, мамандар даярлау.

1919-1920 жж.	Орынборда, Ордада және Семейде Халық ағарту институттары ашылды
1921 ж	Қазақстанда тұңғыш жұмысшы факультеті Орынборда құрылды
1928 ж	Қазақ мемлекеттік педагогикалық институты 1935 жылы оған Абай есімі берілді (қазіргі Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті)
1929 ж	Алматы мал-дәрігерлік институты
1930 ж	Қазақ ауыл шаруашылық институты
1931 ж	Алматы медициналық институты
1934 ж	С. М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университеті (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті),
1938 ж	ҚазМУ жанынан аспирантура ашылды.
1940 ж	Қазақстанда 35 кәсіби оқу орындары ұйымдастырылды.

## Ғылыми-зерттеу мекемелері, ғылымның дамуы.

Жылдары	Маңызды оқиғалар	Нәтижесі
1918 ж	Ташкентте Түркістан Шығыс институты	Қолданбалы ғылымдар дамыды
1919 ж	1919 жылы Қазақ әскери комиссариаты штабының жанынан тарихи-статистикалық бөлім құрылды.	Бөлім тарих, этнография және жаратылыстану - география секцияларынан тұрды, кейіннен археология секциясы да ашылды.
1919-1920 ж	Қазақ өлкесін зерттеу қоғамы құрылды	Қоғамның мүшелері А. Чулошников, Ф. Рязанов, Ә. Диваев, М. Тынышбаев, В. В. Бартольд, В. Радлов, М. Дулатовтардың алғашқы ғылыми еңбектері жарық көрді.
1932 ж	КСРО ҒА-ның Қазақстандық базасы құрылды	Республикада 12 ғылыми-зерттеу институты, 15 тәжірибе станциясы, 186 тірек пункті, зертханалар, су және ауа райын бақылау станциялары болды.
1938 ж	Ғылыми-зерттеу институттары (ҒЗИ) ашылған КСРО ҒА-ның Қазақ филиалына айналды.	Профессор ғылыми атағы аса көрнекті қазақ тарихшысы С. Асфендияровқа берілді. Қазақстанда 430 мыңнан астам адам ой еңбегімен айналысқан, олардың 27454-інің жоғары білімі болған

# Танымал Ғалымдар

Ғалымдар	Айналысқан саласы
<p>А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, С. Мұқанов, Ә. Диваев, М. Әуезов, Ж.Аймауытов, М. Жұмабаев және т.б.</p>	<p>Тілтану, әдебиеттану</p>
<p>Н. Г. Кассин, С. С. Неустроев, М. П. Русаков, А. Е. Ферсман, Р. А. Барунаев , Қ. И. Сәтбаев,</p>	<p>Геология, минералогия</p>
<p>С.Асфендияров, М. Тынышбаев, М.Е.Массон, А.П.Чулошников, А. Затаевич</p>	<p>Тарих, археология, этнография, музыкатану</p>

# Кино өнері

1. 1930 жж. “Востоккино” бөлімшесі ашылды;
2. “Жұт, “Жайлауда”, “Түрксіб”, “Дала әндері” фильмдері түсірілді;
3. 1938 ж. Тұңғыш дыбысты кино “Амангелді” түсірілді;
  - Сценарий авторлары: Б. Майлин, Ғ.Мүсірепов, Вс.Иванов;
  - Режиссері: Моисей Левин;
  - Басты рольдерде: Елубай Өмірзақов, Шара Жиенқұлова





# Театр өнері

- 1926 ж.  
Қызылордада  
ұлттық қазақ театры  
ашылды;
- Алғашқы директоры,  
режиссеры Жұмат  
Шанин;
- Алғашқы қойылымы  
“Еңлік-Кебек”.
- Авторы – М.Әуезов
- 1937 ж.  
Академиялық театр  
атағы берілді




# Қазақ әдебиеті

- А. Байтұрсынов;
- М. Дулатов;
- Ж. Аймауытов;
- Б. Майлин;
- М. Жұмабаев;
- С. Сейфуллин;
- І. Жансүгіров;
- И. Байзақов;
- Ғ. Мүсірепов;
- С. Мұқанов;
- М. Әуезов;



- ❑ 1934 ж. қазақ мемлекеттік оркестрі құрылды;
- ❑ Жетекшісі, әрі дирижеры – Ахмет Жұбанов
- ❑ Бірінші құрамы – 11 адам.
- ❑ 1944 ж. Құрманғазы атағы берілді



# 1938 ж. Қазақ өнерінің онкүндігі

- 1936 ж. 17-27 мамырда Мәскеуде өткізілді;
- Онкүндікке ақын-жазушылардан Жамбыл, Кенен, С.Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, М.Әуезов, С. Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Тоғжанов, Т. Жароков, А.Тоқмағамбетов, Ә. Тәжібаев қатысты.
- *«Қыз Жібек»* пен *«Жалбыр»* опералары қойылды.
- К.Байсейітоваға “КСРО халық артисі” атағы берілді.
- Делегацияны Т.Жүргенов бастап барды.

# Темірбек Қараұлы Жүргенов

- 1933-37 ж. Қазақстан үкіметінің халық ағарту комиссары.
- Ол Қазақстанның Халық ағарту комиссариатын ұлттық мәдениетті өркендету штабына айналдырды.
- 1934 ж. Алматыда өткен Бүкілқазақстандық халық өнерпаздарының 1-слетін, 1936 ж. Мәскеудегі Қазақстан өнері мен әдебиетінің онкүндігін негізгі ұйымдастырушылардың бірі.
- Онкүндік кезінде Еңбек Қызыл





# XX ғ. 30-40 жылдарындағы Қазақстандағы қуғын-сүргін және репрессиялар



Иосиф Виссарионович  
Джугашвили (Сталин)  
(1879-1953 жж.)

- Қазақстанда 1928 жылдың ортасынан Алаш қайраткерлерін тұтқындаудан басталды.
- Оларға «буржуазияшыл-ұлтшыл» негізінен КСРО-ны құлату үшін жасырын контрреволюциялық ұйымдар құрды деген заңсыз жала жабылды.
- 1934 ж. С.М. Киров өлімінен соң қайта күшейді;
- Басты мақсат – өзінің саяси қарсыластары мен олардың жақтастарын жою;
- Ол “социалистік құрылысқа қарсы Халық жауларын” жоюға ұласты;

- 1937 ж. 10 қазанда “Үкіметке қарсы істерді 10 күннен аспайтын мерзімде тергеу және күш қолдану шараларын қолдануға рұқсат берілді;
- 1936 ж. 29 шілдеде “Халық жауларын” табу бойынша “артта қалған” Қазақ өлкесіне “Жабық хат” жіберілді.
- 1937 ж. 2 шілдеде НКВД (Ішкі Істер Халық Комиссариаты) басшысы Н.Ежов бұйрығымен Алматыға С.Реденсті жіберді.
- Тапсырма: “Жау элементтер” санын 600 адамға (ату жазасы), ал “қарсы элементтер” санын 1000 адамға (8-10 жылға соттау) жеткізу;
- 1937 ж. 31 шілде “Ерекше үштіктер” құру туралы шешім (Төрағасы: Ішкі істер комиссары, құрамы: партия комитеттерінің бірінші хатшылары, прокурорлар).
- Жоспар орындауға Л.Мирзоян тікелей кіріседі

1937 жыл 19 қараша  
Қатаң құпия

Ерекше папка

Облыс бойынша	Бірінші санат бойынша (адам)		Екінші санат бойынша (адам)	
	бастапқы жоспар	бекітілген жоспар	бастапқы жоспар	бекітілген жоспар
Алматы	400	300	600	500
Оңтүстік Қазақстан	120	150	400	300
Ақтөбе	100	150	-	150
Қостанай	200	200	300	250
Батыс Қазақстан	-	-	200	200
Солтүстік Қазақстан	200	200	500	550
Қарағанды	200	250	400	300
Шығыс Қазақстан	400	400	400	350
Резервте	275	350	200	400
	<b>1925</b>	<b>2000</b>	<b>3000</b>	<b>3000</b>



- Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының жалпы саны, 3,5 млн адамды құрады.
- 101 мың Қазақстандық ГУЛАГ–қа жабылып, 27 мыңы атылды.
- 1939 жылдың аяғына қарай КСРО-да 600-ден аса түрмелер болады, оның ішінде Қазақстанда 23 жалпы және 11 ішкі түрмелер орналасады.

# Тергеудегі қазақ зиялылары

